

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ  
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫ БАҚ КАФЕДРАСЫ



III Халықаралық Фараби оқулары және «Жас тілшілер»  
атты IV Қожакеев оқулары аясында  
**«ӘЛ-ФАРАБИ – ДАНАЛЫҚТЫҢ ЖІБЕК ЖОЛЫМЕН»**  
атты студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми форумының

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**

*14 сәуір, 2016 жыл*

## **МАТЕРИАЛЫ**

научного форума студентов и молодых ученых  
**«АЛЬ-ФАРАБИ – ПО ШЕЛКОВОМУ ПУТИ МУДРОСТИ»**  
в рамках традиционных III Международных Фарабиевских чтений и  
IV Кожакеевских чтений «Жас тілшілер»

*14 апреля, 2016 г.*

## **PROCEEDINGS**

of the Scientific Forum of students and young scientists  
**«AL-FARABI – ON THE SILK ROAD OF WISDOM»**  
as a part of the traditional III International Farabi readings and  
IV Kozhakeev readings «Zhas tilshiler»

*April 14, 2016*

*Алматы*

**Ғылыми редакторлар:**  
ф.ғ.к, доцент **С. Медеубек**  
с.ғ.д., профессор **Г.С. Сұлтанбаева**

**Жауапты редактор**  
аға оқытушы **Н.П. Сапарходжаева**

**Техникалық редактор**  
кафедра маманы **А.Д. Елғондинова**

III Халықаралық Фараби оқулары және «Жас тілшілер» атты IV Қожакеев оқулары аясында «ӘЛ-ФАРАБИ – ДАНАЛЫҚТЫҢ ЖІБЕК ЖОЛЫМЕН» атты студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми форумының материалдары. 14 сәуір, 2016 жыл / жауапты ред.: Н.П. Сапарходжаева. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 224 б.

**ISBN 978-601-04-2532-3**

...ал проф  
жүргізіліп  
білім беру ісін  
Қожакеев  
мұқабә әдебиет  
публицистика  
Жазушылар о  
Меркі», «Кері  
кітаптарын, 7  
өрендерге ари  
Филология  
ҒА тағайында  
сібек сіңірген  
Қазақстан Жұ  
Т. Қожаке  
эталонна ай  
үлкен белес б  
алыптардың т  
екенсін.  
Үстаздың  
інінен, түскен  
жүрген жерін  
осындай ұста  
аспирант бол  
профессорды  
батыл кіріп к  
1994 жыл  
тобымызбен э  
күндер жалға  
Бәріміз де ос  
болмеде отыр  
отырамыз. С  
билет алған Н  
отармын. Ел  
менің жауап  
«Әй, бала сен  
қарсы келмей  
Емтиханды  
қорғау қалды  
жазып, зертте  
Елеуқылы Ал  
Қозғалмай жа  
жетті. «Кім  
жұмысымды  
хан төрағасы  
кеңесі» газеті  
қайда, солар  
Алғашына  
қамшылай тү  
Сұрақтарға к

## ҰСТАЗ. УАҚЫТ. ШӘКІРТ

Биыл профессор Темірбек Қожакеевтің 90 жылдық мерейтойы. Мықшеге атанған ұстаз-ғалым журналистика факультетін он алты жыл басқарып, журналист мамандарын даярлау мен журналистік білім беру ісіне ерен үлес қосты.

Қожакеев қазақ сатирасының тарихы мен ерекшеліктерін зерттеп, негізін қалаған ғалым. Ол – қазақ әдебиеті мен баспасөзінің тарихы, теориясы жөніндегі 200-ден астам мақала мен көркем-публицистикалық очерк, фельетондардың авторы. Қожакеев өмірінің соңына дейін Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы қазақ сықақшылары қауымдастығының президенті болды. «Мерейлі Меркі», «Керімсал кент» (Е.Сауранбаевпен бірге), «Сатира сардарлары», «Сатира негіздері» атты кітаптарын, 7-томдық таңдамалын шығармалары, сондай-ақ журналист болсам деп армандаған жас өрендерге арнап «Жас тілшілер серігін» жазған ғалым-ұстаз.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Темірбек Қожакеев Қазақстан Жоғары мектебі ҒА тағайындаған «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері.

Т. Қожакеев факультетімізде мыңдаған шәкірттерге ұстаз бола білді. Шындық пен туралықтың эталонына айналған ол кісінің көп шәкірттерінің бірі болу – маған, ғылымдағы, ұстаздық өмірімдегі үлкен белес болды. Екі жыл бұрын жазған «Ұстаз» атты мақаламды өңдей отырып, жыл өткен сайын алыптардың тұлғасы ұлғаятынын, сол ұстаз атты қадірлі есімнің қасиеті артатынын терең түсінеді екенсін.

Ұстаздың аты шәкірттеріне сіңірген еңбегінен тарамақ. Шығыста тәмсіл бар. «Ұстаздың басқан ізінен, түскен көлеңкесінен өнеге ал» деген. Қазақ журналистикасында ортасына із қалдырған, жүрген жеріне білім дәнін сепкен сондай ұстаздың бірі – Темірбек Қожакеев. Қазір ойлап отырсам, осындай ұстаздың аспиранты болған мен үшін үлкен бақыт, ғылымдағы жетістік екен. Ол кісіге аспирант болу екінің бірінің бақ-талайына жазылмаған екен. Себебі, аты дардай, сөзі мірдей профессордың дәрісіне шыдап эзер отыратын студенттер ұстаз отырған кафедраға басын сұғып, батыл кіріп келуден қашқақтап жүретін.

1994 жылы университетті бітіретін кез келді. Мемлекеттік емтиханға қызу даярлық. Топ-тобымызбен жиылып, ұлттық кітапхана, оқу залдарын шарлап, білім барлап, оқу іздеп шарқ құрған күндер жалғасып жатты. Мемлекеттік емтихан – біз үшін алынбас қамалдай, ес бермес өткелдей. Бәріміз де осы сыннан қалай өтерміз деп іштей толғаныста жүрміз. Күндіз – кітапханада, түнде – бөлмеде отырып дайындыққа қызу кірістік. Даярлаған сұрақтарды бір-бірімізге айтып, түсіндіріп отырамыз. Сынақ сәті де келді. Арнаулы курстан сынаққа ендік. Алғашқы бестікпен. Менен алдын билет алған Нұрқат Сафуанов жауап беріп отыр. Оның соңғы сұрағы менікімен ұқсас келген. Байқап отырмын. Елеусін Бұйриннің 1912 жылы шыққан «Ызың» жинағы. *Ол айтып отырған жауаптар менің жауабыммен ұқсас. Не болса да өз дайындығыммен жауап беріп отырмын. Темірбек ағай: «Әй, бала сенің жауабың әлгі студенттікіндей», – деп алдындағы қағазға түртіп алды. Ұстазға қарсы келмейтін ауылдың ұяң баласында сөз бар ма, тұрып кете бердім.*

Емтихандардан босағанмен, арқаны кеңге салу жоқ. Енді алды соңғы қамал – диплом жұмысын қорғау қалды. Тақырыбым сол кездегі аты дүркіреп тұрған үкіметтік газет – «Халық кеңесі». Мен жазып, зерттеген бағытым – осы басылымдағы әлеуметтік-әділдік мәселелері. Жетекшім доцент Роза Елеуқызы Алтынбекова жиған материалдарыма қарап, бағыт-бағдарын жүйеле деп пысықтап жүрді. Қозғалмай жазған жұмысым нәтижелі әрі мерзімінен бұрын өткізіп көңіл де жай. Қорғау күні де жетті. «Кім дайын», «кім дайын» деп сыбырласа бастағанда Темірбек ағай көп жұмыстан менің жұмысымды бөлектеп алып «Сұлтанбаева, бастасын», – деді. Сол жылы мемлекеттік емтихан төрағасы болып факультетте Сарбас Ақтаев келген болатын. Ол кісі мен қорғайтын «Халық кеңесі» газетінің бас редакторы. Темірбек ағай ортаға шақырған сәтте, ол кісі қозғалақтап, ер жігіттер қайда, солар неге бастамайды деп қойды.

Алғанынан қайтпайтын, сөзінен таймайтын Темірбек ағай «Гүлмира, ортаға шық», – деп камшылай түсті. Зерттеулерім, пікірілерім... айтып тұрмын. Даусым да тарғылданып шығатындай. Сұрақтарға кезек келді. Сұрақты қойған да Сарбас аға. Ол кісіге өзі басқаратын газет жайлы, оның

ұстанған әлеуметтік саясаты жайлы көзқарастарым жаққан болу керек. Әлгідей емес, даусы жарқын. Нықтап, нығырлап екі сұрақ қойып алды да, жауабыма разы көңілмен «Әп, бәрекедді!» – деп отырды.

Ұстаздың алғашқы артқан сенімі осы сәт еді. Диплом қорғалып, таяуда жан-жаққа қанат жайып, университеттің бөлуімен редакцияларға жол тартатын сәт те туды. Сондай алып-ұшпа күндердің бірінде кафедраға кіріп келсем, төрде отырған ұстаз өзіне шақырады. Алдында – оқу үлгерім экраны. Сол жылдары деканатта бүкіл бітіруші топтардың бес жылғы үлгерімін тізіп шығатын рейтингі болатын. «Әй, бала. Бері кел. Мына жерде бүкіл потоктың ең алдында тұр екенсің. Баллың – 4.96. Өткенде мемлекеттік емтиханда сенің обалыңа қалып, төрт қойып жіберіппін. Қызыл диплом алатын үмітің бар екен алдын ала айтпады ба?» – деді. Темірбек ағайдың диплом қорғауда мені алға тартып, сенім артқанын енді түсіне бастадым. Ұстаздың шәкіртіне деген сезімі де баласын қорғаған әкедей еді. Мұндайды күтпеген мен тосылып барып: «Ағай, сіз қойған баға әділ», – дедім. Ол кезде баға сұрау, баға үшін оқу біздің қиялымызда жоқ. Оны ойлаудың өзі де білімге деген қиянат.

Диплом қолға тиіп, енді курстастар жан-жаққа редакцияға қызметке бөліне бастады. Сол жылдары университетке келіп түсетін тапсырыстар бойынша жас мамандар үлкен өмірге жолдама алатын. Бұл кезең қазақстандық БАҚ нарығы жыл санап қазақша басылымдармен толысып, байыған жылдар. Сол жылы министрліктен «Денсаулық» журналы ашылып, редакцияға мені бөліпті. Қарағанды университетінде журналистика бөлімі ашылып, соған оқытушылыққа екі орын келіпті деген сөз де тез тарап кетті. Факультет деканы Юрий Крикуновқа келіп: «Мені Қарағандыға оқытушылыққа жіберіңіз», – дедім. Ол кісі ойланып, алдындағы оқу үлгерімі тізбеленген рейтингіні қарап отырып: «Саған Қарағандыда бәрі даяр тұрған жоқ. Осыны түсін. Факультетке аспирантураға екі орын бөлініпті. Биыл бір жақсысы аспирантураға өндірістен соң ғана емес, оқу бітіре қабылдайтын болады. Осыған бағынды сына. Кафедраға, Темірбек Қожакевичке жолық», – деді.

Осылайша ойламаған жерден, аспирантураға тапсыр деген ұсыныс түсті де кафедраға Темірбек ағайға келдім. Ол кісі де менің жайымды біліп отыр. Себебі, деканмен өзара ақылдасқан сынамы бар. Мені тыңдап болар-болмас: «Рефератыңды даярла да, менің орынбасарыма қол қойдыр. Ғылым жетекшің өзім болам. Мен кезекті жазғы демалыста болам. Басқа сұрақтар күзге қалсын», – деді қолы портфелін қолтығына қыса.

Қуанышымда шек жоқ. Мен үшін ғылымның даңғыл жолы ашылғандай. Жүгіріп құжаттарды өткізіп, рефератымды жаздым. Асығыста ұстазымнан зерттеу тақырыбымды сұрамаппын. Жетекші Роза Елеуқызы ойланып жүрген болу керек. Бірден Саттар Ерубаевтың публицистикасы зерттелме жүр. Осыған кіріскенің жөн болар деп үлкен сенім артты.

Аспирантура жылдары ғылыми жұмысымды, зерттеу бағытын жіті қадағалап отырған ұстаз арасында үйдегі мұрағатынан Саттар Ерубаевтың шығармашылығына қатысты айтылған пікірлер ойлар болса жинап әкелетін. Қолында болмаса 1932-1937 жылдардағы газет нөмірлерін блокнотпен түртіп алып, мына нөмірлерді қарап шық деп жалықпай ақыл-кеңесін беріп отырды. Ғылым мен ұстаздықты қатар кәсіп еткен Темірбек ағай шаршау, шалдығу дегенді білмей талмай ізденетін де сол мінезін шәкірттеріне де сіңіріп үлгеретін. Шәкірт бойынан мұндай қасиеттерді көрмесе қара жерінде ащы мысқылмен, арасында жеңіл юмормен-ақ бір жөнге салып отыратын. Ұстаның сөзі кісі де шебер. Ақыл-кеңесті ұстаздың кафедрадағы қызмет бабында алып қоймастан, сәтін санап күндері ұлттық кітапхананың сирек қолжазбалар қорынан да ұстазды көріп, кейбір ой-пікірлерін тыңдауға тура келді. Ол кісі сирек қорға бар, кітапхананың залында отыр дегенді айтпайтын. Дегенмен осы жерден шәкіртін көріп қалса, сабырмен жылы мінез танытып, ізденісін жалғастыратын.

Еңбекқор ұстаз бүгінгі істі ертеңге қалдырмайтын. Ұстаз үшін ғылым бүгіннен басталатын еңбек болды. Диссертациямды аяқтап, қолына ұстатқанда, кіріспесін үйге бара оқып шығып, ескертпелерді түртіп, ертесіне таңертең әкелгенде жылдамдығына, жауапкершілігіне ерекше тәнті болдым. Аспирантурада бірге оқып жүрген әр факультеттен жиылған курстастарым көбінде: «Жетекшімнің жұмысым жатыр, қашан оқыр екен, жауап күтіп жүрмін», – деп тағат таппаса, мен тіпті де тағатсыздануға үлгермей қалам. Бір деммен жұмысымды бір аптаға жеткізбей оқыған ұстаз алдымен ала қорғауға дейін бірнеше ескертпелерін жасап, тарау аттарын өз біліктілігіне салып қысқа да нұсқа етіп ширатып берді. Пікір айтуға, кеңес беруге қандай жүйрік болса, тақырып қоюға да ұстаз тап бастырмай жұмыстың мәні мен сәнін ашар аттарды тез ойлап табатын ұтқыр еді.

Осылайша ұстаздың үлкен мектебі алдағы өміріме сабақ, арқау, үлгі, өнеге болды. Бүгін ол кісінің айтқан сөздерін, отырған отырысын, жүріс-тұрысын еске алып, келбеті мен болмысынан ұлшықтық, ізгіліктің нышандарын іздеймін. Содан адасып қалмасам, ұмытып қалмасам екен деп есіме алып жүремін. Ұстазымның әр сөзі мыңдаған шәкіртінің өміріне салған ізі екен. Оның әрбір ізі шәкірттерінің бойына дарытқан өнегесі екен. Ұстаз – ұлы есім. Темірбек ағайдай ұстаздың осы есіміне лайық болып қоймастан, оны кейінгі ұрпаққа аманат еткені де ұлы іс екен.

## МАЗМУНЫ

<i>Сұлтанбаева Г.С.</i>	
Ұстаз. Уақыт. Шәкірт.....	3
<i>Кәкен Қамзин, Мұрат Шаймаран</i>	
«Бір Қаланың Тарихы» Хикаятындағы Әлеуметтік Сатира.....	5
<i>Қабылғазина К.</i>	
«Сатира - күштілер қаруы».....	9
<i>Әлімжанова А.Б.</i>	
Блогтық журналистика негіздерін оқыту тәсілдері.....	12
<i>Альжанова А.Б., Сейдаханов С.А.,</i>	
Социальная сеть facebook как новая четвертая власть в современном казахстанском обществе.....	14
<i>Барлыбаева С.Х</i>	
Влияние новых медиа на развитие современного общества.....	15
<i>Губашева Д. Т.,</i>	
Перспективность и востребованность PR-образования.....	17
<i>Zhanabekova M.A., Ulpan S.</i>	
The concept of politeness and its application in Kazakh and Chinese .....	19
<i>Майкотова F.,</i>	
Күле білу - өмір, күлдіре білу – өнер.....	22
<i>Mukanova G.K., Alimzhanova A.B.</i>	
Practice of training international journalist in al-Farabi kazakh national university.....	25
<i>Marzhan Azhibek</i>	
Intellectual nation as a dominant trend of innovative development of the republic of kazakhstan.....	27
<i>Сұлтанбаева Э.С</i>	
Әлеуметтік желілердің қызметі: әлеуметтік-саяси құбылыс және қоғамдық феномен.....	30
<i>Умирбекова Р.Қ.</i>	
Ахмет Байтұрсынұлы - терминология саласын қалыптастырушы .....	34
<i>Сембиева Г.</i>	
Қазақ ғылыми-танымдық публицистикасы .....	37
<i>Саденова А.Е., Сапарходжаева Н.П., Курманова Т.В.</i>	
Тіл үйретуде коммуникативтік әдістемелік ұстанымның маңыздылығы .....	41
<i>Mukanova G.K., Kozybaev S.K., Moldabekov A., Alimzhanova A.</i>	
Method of formation of creative information fields (the theory of Ervin Laszlo) .....	43
<i>Нода Л.П</i>	
Образ новой России в публицистике.....	44
<i>Ложникова О.П.</i>	
Методические основы работы телеведущего на современном канале.....	49
<i>Сейдаханов С.А.</i>	
Бренд-журналистика как основа контент-маркетинга .....	53
<i>Еркін Ж.Ж., Жайлыбаева З.</i>	
Латын әліпбиінің өзектілігі .....	58
<i>Қалиев Б.А.</i>	
Ішкі істер органы қызметкерлерінің сөйлеу (тіл) мәдениеті жайында .....	59
<i>Тойлыбаева Аида</i>	
Ақпарат және журналистиканың халықаралық стандарттары туралы жалпы түсінік .....	61
<i>Қасымбекова М.Д.</i>	
Педагог-психолог маманның сабақтан тыс тәрбиелік іс-шаралар арқылы білім алушыларды жан-жақты қалыптастыру жолдары.....	64
<i>Мамырбекова Г.А.,</i>	
Факторы социализации в семье и социально-педагогические особенности семейного воспитания .....	69
<i>Шекен Ж., Жақан Ә.Қ.</i>	
Дөңтай Қожамбетұлы поэзиясындағы бүкіл адамзаттық гуманизм және дін мәселелері.....	73